

## Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1275 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 891 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.26 N 891 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығының 31-1 бабына және "Қазақстан Республикасы өнімнің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4            ж ы л ғ ы            6            ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N        1 2 7 5            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заң күші бар Жарлығының 31-1 бабына, "Қазақстан Республикасы өнімнің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына сәйкес, "Азаматтық

авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескере отырып, әзірленді.

2. Осы Ереже заңды және жеке тұлғалар көрсететін жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттауды жүргізу тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережеде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) өтінім - жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттауды жүргізу үшін өтініш берушінің уәкілетті органға жазбаша өтініші;

2) өтініш беруші - жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтер сәйкестігі сертификатын (бұдан әрі - сәйкестік сертификаты) алу үшін уәкілетті органға өтініш берген заңды немесе жеке тұлға;

3) ұйым - жолаушылар мен (немесе) жүк әуе тасымалдарын сату, сондай-ақ әуе кемелеріндегі орындарды, еркін тоннажды және сыйымдылықты брондау (резервте сақтау), коммерциялық тиелімді жинақтау жөніндегі, соның ішінде оларды әуе көлігімен тасымалдау үшін жүктерді шоғырландыру жолымен, қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

4) әуе тасымалдаушы (бұдан әрі - тасымалдаушы) - меншік құқығында немесе өзге заңды негіздерде көлік құралына ие, жолаушыларды, багажды, жүктерді және почтаны ақыға немесе жалға алу жөнінде қызметтер ұсынатын және оған белгіленген тәртіппен берілген тиісті рұқсаты немесе лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлға;

5) сертификаттық талаптар - азаматтық авиация саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптар;

6) сертификаттық тексеру - жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтер бойынша қаражатты, жабдықты, пайдалану рәсімдерін, технологиялық процестерді, құжаттаманы, ұйымдастырушылық құрылымды, сондай-ақ өтініш беруші қызметкердің құзыреттілігінің сертификаттық талаптарға сәйкестігін уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру;

7) азаматтық авиация қызметін мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - өз құзіреті шегінде азаматтық авиация

саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік бақылау және қадағалауды, азаматтық және эксперименталдық авиацияның қызметін үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы.

4. Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтер сертификаттау объектілері болып табылады.

5. Сәйкестік сертификаты иеліктен шығарылмайтын болып табылады және басқа заңды немесе жеке тұлғаға берілуі мүмкін емес.

6. Сәйкестік сертификатының нысанын стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

7. Сәйкестік сертификаты үш жылдан аспайтын мерзімге, саласы мен қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, беріледі.

8. Сәйкестік сертификаттарын беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттық талаптардың сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

## **2. Сертификаттауды жүргізу тәртібі**

9. Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтердің, оларға қойылған талаптарға сәйкестігін растау, сертификаттауды жүргізу кезінде мынадай рәсімдер тізбегін көздейді:

1) өтініш берушінің уәкілетті органға осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш беруі;

2) өтініш беруші ұсынған құжаттарды Ереженің талаптарына сәйкестігін тексеру және уәкілетті органның шешім қабылдауы;

3) уәкілетті органның сертификаттық тексеру жүргізуі;

4) уәкілетті органның шешім қабылдауы, сәйкестік сертификатын рәсімдеуі, т і р к е у і , б е р у і .

10. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) өтініш берушінің құрылтай құжаттарының нотариалды расталған

к ө ш і р м е л е р і ;

2) мемлекеттік тіркеу туралы нотариалды расталған куәліктің (заңды тұлғалар үшін) және жеке кәсіпкер ретінде есепке алынуы туралы куәліктің көшірмесі (жеке тұлғалар - жеке кәсіпкерлер үшін);

3) өтініш берушінің аудиторлық есебі және қаржылық жай-күйі туралы а н ы қ т а м а ;

4) өтініш берушінің қызметі туралы, орталық кеңсесінің мекен- жайы, оның филиалдары, сату және брондау пункттері, жүктерді шоғырландыру жөніндегі бөлімшесі, ұйымдастырушылық құрылымы, қызметтік саласы және технологиялық функциялары туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат;

5 ) ш т а т к е с т е с і ;

6) өтініш берушінің басшы құрамы мен қызметкерінің (филиалдарды, сату және брондау пункттерін, жүктерді шоғырландыру жөніндегі бөлімшені қоса алғанда) міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін құжаттар;

7) жолаушы мен жүк әуе тасымалдарын сатуды және брондауды жүзеге асыратын қызметкердің арнайы білімінің бар болуын растайтын құжаттардың к ө ш і р м е л е р і ;

8) қызметкерді оқыту бағдарламасы;

9) әкімшілік, технологиялық қызметкердің және жолаушылар мен жүк жөнелтушілерге қызмет көрсету аймағының орналасуы көрсетілген үй-жайлар ж о с п а р ы ;

10) үй-жайды күзету, ақша қаражаты мен қатаң есептегі бланкілерді сақтау, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінің бар болуын р а с т а й т ы н құ ж а т т а р ;

11) филиалдарды, сату және брондау пункттерін, жүктерді шоғырландыру жөніндегі бөлімшені қоса алғанда, авиатасымалдарды брондау орталығымен бейнетерминалдық жабдықты қосуға арналған келісім-шарттар;

12) біріздендіру автоматты валидаторларға (мөртабандарға) нөмірлер беруді растайтын құжаттың көшірмесі;

13) тасымалдарды сату туралы агенттік келісімдердің көшірмелері;

14) сертификаттау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу туралы түбіртек.

Осы Ереженің 3)-14) тармақшаларында көрсетілген құжаттар өтініш берушінің бірінші басшысы қол қойған және мөрімен расталған көшірмелер түрінде ұсынылады.

11. Уәкілетті орган өтінішті және өтінішке қоса берілген құжаттарды отыз күнтізбелік күннің ішінде Ереженің талаптарына сәйкестігін қарайды және өтініш жөнінде қабылданған шешім туралы өтініш берушіге осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес хабарлайды.

12. Егер өтініш осы Ереженің талаптарына сәйкес келмесе немесе өтінішке қоса берілген құжаттар толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, мұндай өтінім қайтарудың негізделген себептері көрсетіліп, қайтаруға жатады.

13. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде (ескертулер жойылғаннан кейін) өтінім бойынша шешімнің негізінде уәкілетті орган сертификаттық тексеру жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады.

### **3. Сертификаттық тексеру**

14. Сертификаттық тексеру өтінім берілген қызмет саласына қатысты жүргізіледі.

15. Сертификаттық тексерудің үлгілік бағдарламасын және сертификаттық талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

16. Сертификаттық тексеру барысында өтініш беруші ол мәлімдеген қызметтердің сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайды.

17. Сертификаттық тексерудің нәтижелері бойынша екі данада (өтініш беруші мен уәкілетті орган үшін бір-бірден) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші объектілерінің нақты жай-күйі, тұжырымдары, ұсынымдары және сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі - акт) жасалады.

Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге ұсынылады.

18. Сертификаттық тексеруді комиссия сертификаттық тексеру орнына келген күнінен бастап жиырма күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүргізеді.

#### **4. Сәйкестік сертификатын беру, беруден бас тарту және оның күшін жою**

19. Сәйкестік сертификатын беру үшін сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар акті негіз болып табылады.

Сәйкестік сертификатын беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар Акті жасалғаннан кейін уәкілетті орган он күндік мерзімде сәйкестік сертификатын ресімдеуді, мемлекеттік сертификаттау жүйесінің тізілімінде тіркеуді жүргізеді және оны өтініш берушіге береді.

Сәйкестік сертификатының, оның күші тарайтын нақты қызметтер тізбесін қамтитын қосымшасы болуы мүмкін.

Сәйкестік сертификатын беруден бас тарту мынадай жағдайларда жүргізіледі, егер:

1) осы санаттағы тұлғалар үшін жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтер көрсетуге заңдармен тыйым салынғанда;

2) өтініш беруші ұсынатын қызметтер сертификаттық талаптарға сәйкес келмегенде;

3) өтініш берушіге қатысты қызметтердің осы түрлерін оған көрсетуге тыйым салатын соттың шешімі болғанда.

20. Сәйкестік сертификатын беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіле отырып дәлелді жауап беріледі.

21. Уәкілетті орган сәйкестік сертификатын мынадай негіздер бойынша жоюы мүмкін:

1) ұйымның өтініші бойынша;

2) ұйым ұсынатын жолаушылар мен жүк тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтер сертификаттық талаптарға сәйкес келмеген кезде.

22. Ұйым тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді үш ай ішінде жоймаған жағдайда, уәкілетті орган сәйкестік сертификатының күшін жоя алады.

23. Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі сертификатталған қызметтердің сертификаттық талаптарға сәйкестігін тексеруді уәкілетті орган сәйкестік сертификатының күші бар мерзім ішінде кезеңдік және жоспардан тыс тексерулер нысанында жылына кемінде бір рет жүзеге асырады.

24. Жоспардан тыс тексерулер тұтынушылардан ұйым қызметтерінің сапасына кінәраттар бірнеше рет түскен жағдайларда жүргізіледі.

25. Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің тізіліміне тиісті жазбаны енгізген күннен бастап, сәйкестік сертификатының күші жойылды деп есептеледі.

26. Сәйкестік сертификатының күші жойылған жағдайда уәкілетті орган бұл туралы тиісті ұйымдар мен тасымалдаушыларды дереу хабардар етеді.

27. Күшін жою кезінде ұйым уәкілетті органға сәйкестік сертификатын дереу қайтарады.

#### **5. Сәйкестік сертификатын қайта ресімдеу және оның телнұсқасын беру**

28. Өтініш берушінің атауы, оның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны, деректемелері өзгерген және егер олар сертификаттық талаптарға сәйкессіздіктерге әкеп соқтырмаса, басқа да өзгерістер болған жағдайда берілген сәйкестік сертификаттарын қайта ресімдеу жүргізіледі.

Сәйкестік сертификатын қайта ресімдеу кезінде бұрын берілген сертификаттың тіркеу нөмірі сақталады.

29. Телнұсқаны беру қажеттілігін негіздеумен және бұрын берілген сәйкестік сертификатын қоса берумен (сәйкестік сертификатының түпнұсқасы жоғалған жағдайлардан басқа) ұйымның еркін нысандағы өтініші уәкілетті орган сәйкестік сертификатының телнұсқасын беру үшін негіздеме болып табылады.

Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесіне  
1-қосымша

---

(сертификаттау жөніндегі органның атауы, оның мекен-жайы)

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде сертификаттау қызметтерін жүргізуге арналған ӨТІНІМ**

1. Өтінім құжатының түрі: \_\_\_\_\_

Операцияның түрі (қажеттісінің асты сызылсын):

1. Бастапқы сәйкестік сертификатын беру.

2. Сәйкестік сертификатының телнұсқасын беру.

2. Сертификатталатын қызмет түрі: \_\_\_\_\_

3. Өтініш беруші:

1) ұйымның атауы: \_\_\_\_\_

2) меншік нысаны: \_\_\_\_\_

3) құрылған жылы: \_\_\_\_\_

4) тіркеу туралы куәлік: \_\_\_\_\_

4. Өтініш берушінің орналасқан жері және деректемелері:

1) заңды (почталық) мекен-жайы (филиалдар мен өкілдіктерді көрсетіп):

2) байланыс құралы: \_\_\_\_\_  
(телефакс/телефон)

3) банк деректемелері:

5. Өтінішке: \_\_\_\_\_ қоса беріледі

Өтініш берушінің басшысы: \_\_\_\_\_ 200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

Құжаттарды: \_\_\_\_\_ 200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_ қабылдады  
(уәкілетті органның лауазымды тұлғасы)

Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау ережесіне

2-қосымша

**Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау жүргізуге арналған өтінім**

**бойынша шешім**

**200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_**

Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді орындауға сәйкестік сертификатын алуға арналған



(өтініш берушінің атауы)

200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ өтінімін қарап хабарлаймыз:

1. Сіз ұсынған құжаттар сертификаттық талаптарға сәйкес (сәйкес емес) (сәйкес келмеген жағдайда сәйкессіздік тармағы көрсетіледі)

2. Сертификаттық тексеру \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ кезеңінде \_\_\_\_\_ өткізіледі.

3. Сертификаттық тексеру \_\_\_\_\_ (нормативтік құжаттардың атаулары) талаптарына сәйкестікке жүргізіледі.

4. Сертификаттық тексеруді \_\_\_\_\_ жүзеге асырады.

М ө р \_ \_ \_ \_ \_

( қ о л ы )

Уәкілетті органның басшысы

\_\_\_\_\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_

Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттау

Ережесіне 3-қосымша

Б е к і т е м і н

Уәкілетті органның басшысы

\_\_\_\_\_ қ о л ы , Т . А . Ә . а .

200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_

**Жолаушылар мен жүк әуе тасымалдарын сату және брондау жөніндегі қызметтерді сертификаттық тексеру**

**АКТИСІ**

\_\_\_\_\_ 200\_ жылғы " \_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_

(уәкілетті органның атауы)

бұйрығына сәйкес мынадай құрамдағы комиссия:

Комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . , л а у а з ы м ы )

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

( Т . А . Ә . , лауазымы )

-----  
( Т . А . Ә . , лауазымы )

\_\_\_\_\_  
( ұйымның атауы )

сертификаттық тексеру жүргізді.

**қорытындының мәтіні:**

Комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

-----  
(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

А к т і м е н т а н ы с т ы м :

Ұйым басшысы: \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.) (қолы)